

6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Саиранқызы Салтанаттың «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p><u>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u></p> <p>3) Диссертация</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың орындалу кезеңі (2017-2020 жылдар аралығы) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытуға арналған 2016-2019 жылғы «Денсаулық» Мемлекеттік бағдарламасы аясында қамтылып, Денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасымен жалғастық тапқан. Себебі аталған мемлекеттік бағдарламалардың басым бағыттарының бірі бала мен ана денсаулығын қорғау мен нығайтуға бағытталады.</p> <p>Қазіргі таңда республикамызда «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы жүзеге асырылуда. Бұл бағдарламаның 1-бағытының (Қолжетімді және сапалы медициналық көмек) 2-міндеті Жүкті әйелдердің денсаулығын сақтау және балалардың денсаулығын нығайту мәселелеріне арналғандығы белгілі. Осындай мемлекеттік маңызды бағдарламалардан қоғамдық өмірдегі ғылыми прогрестің бейтарап қалмайтындығы белгілі. Осы жағынан келгенде докторанттың зерттеу нысаны болып отырған БӨД-пен</p>

		<p>Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>сырқаттанатын балаларға медициналық және әлеуметтік көмекті жетілдіру мәселесі тақырыптық жағынан өзекті бола отырып, жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламалармен өзара сабақтастықта екендігін аңғаруға болады. Мемлекеттік бағдарламалардың қай-қайсысы болмасын қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы мәселелермен байланысты болуы «ана мен бала» амандығы, «ұлт саулығы» мен «дені сау ұрпақ» мәселелері үздіксіз назарда болуға тиісті мәселелер саналады. Осы жағынан келгенде докторант Саиранқызы Салтанаттың «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламалармен толық сәйкес деп танылады.</p>
2.	<p>Ғылымға маңыздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған.</p>	<p>Салтанат Саиранқызының БӨД-пен сырқаттанатын балаларға медициналық және әлеуметтік көмекті жетілдіруге арналған диссертациялық жұмысы қоғамдық денсаулық сақтау саласына елеулі үлес қосады. Қазіргі таңда біздің елімізде бронхөкпе дисплазиясы аз зерттелген балалар арасындағы жиі кездесетін аурулардың қатарына жатады. Бронхөкпе дисплазиясына қатысты бүгінгі күнге дейін дейін жарық көрген ғылыми зерттеулердің басым бөлігі бірді-екілі ғылыми мақалалар мен әдеби шолу ретінде жазылған шағын баяндамалар болмаса, түпкілікті зерттеу жұмыстары әлі қолға алынбаған болатын. Осы жағынан келгенде диссертанттың БӨД-пен сырқаттанатын балаларға медициналық және әлеуметтік көмекті жетілдіру мәселесін арнайы диссертациялық деңгейде қарастыруы маңызды мәселе деп санауға болады. Диссертант бұл тұрғыдан келгенде БӨД-пен сырқаттанатын балаларға медициналық және әлеуметтік көмекті жетілдіру мәселесін кешенді түрде қарастырып, ауқымды зерттеу жұмысын жүргізіп, қоғамдық денсаулық сақтау саласына елеулі деңгейде үлес қоса білген. Сондай-ақ, бронхөкпе дисплазиясының таралуы, балалар арасындағы өлім-жітім мен мүгедектік туралы нақты статистикалық мәліметтерді жинақтап әрі ұтымды талдаулар жүргізуі диссертациялық жұмыстың маңыздылығын ашып</p>

			көрсете білген. Сонымен қатар бронхөкпе дисплазиясын әлеуметтік маңыздылығы бар аурулардың бірі ретінде қоғамдық денсаулық сақтау тарапынан қарастырып, БӨД-пен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің әлеуметтік мәселелерін сауалнамалар жүргізіп, статистикалық талдаулар нәтижесінде маңызды ғылыми тұжырымдар жасай білген. Зерттеу жұмысы барысында алынған нәтижелер қоғамдық денсаулық сақтау және медицина ғылымдарына үлкен үлес қосады және диссертацияда оның маңыздылығы ашылып, нақты мысалдармен, көптеген статистикалық көрсеткіштерге талдаулар жасау арқылы ғылыми негізде дәлелдей білген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Зерттеудің тақырыбы, мақсаты, міндеттері докторанттың өзімен таңдалған және құрастырылғандығы диссертацияның толық мазмұнынан, ғылыми баяндамалары мен мақалаларынан анық көрінеді. Диссертациялық жұмыста БӨД-пен сырқаттанатын балаларға медициналық және әлеуметтік көмекті жетілдіруге қатысты әдеби мәліметтердің үлкен қорына талдау жасалған. Зерттеу барысындағы ғылыми қағидалардың негізділігі және алынған нәтижелердің, түйіндемелердің, ұсыныстардың сенімділігі материалдың көлемі және заманауи ақпараттық зерттеу әдістерін пайдаланумен дәлелді түрде көрсете білген. Диссертациялық жұмыстағы барлық статистикалық есептеулер, ақпаратты жинау, нәтижелерді рәсімдеу докторанттың өзімен жасалынғандығы диссертациядағы ғылыми аппараттардың күштілігінде аңғаруға болады. Докторанттың диссертация бойынша жарық көрген ғылыми басылымдарымен диссертацияның мазмұны өзара сабақтастық тауып, жұмыстың ішкі құрылымы, ой желісінің тараулар арасындағы жалғастық табуы мен жазу стилінің орнықтылығы ізденушінің диссертацияны өзі жазу деңгейі жоғары деп бағалауға мүмкіндік береді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген;	БӨД-пен сырқаттанатын балаларға медициналық және әлеуметтік көмекті жетілдіру мәселесін диссертанттың сәтті таңдай білгендігі, таңдалған тақырыптың бүгінгі таңдағы балалар арасындағы уақыт өткен

	<p>2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>сайын арта түсуі клиникалық қана мәселе емес, қоғамдық денсаулық сақтау саласы үшін де қоғамдық-әлеуметтік сипат алғандықтан өзектілігі жоғары саналады және бұл мәселе диссертациялық жұмыста анық дәлелденіп көрсетілген. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, қоғамның осал тобы – шала туылған балалар арасында жиі кездесетін бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіруге негізделген.</p> <p>Бүгінгі таңда бүкіл әлемде байқалып отырған, бронхөкпе дисплазиясымен ауыратын балалардың саны Қазақстанда да жыл өткен сайын өсіп келеді. БӨД-тің жиілігі 2008 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсыныстарымен перинатальды кезеңді туғандағы салмағы 500 граммнан және гестациялық жасы 22 аптадан жоғары нәрестелерден бастап тіркеуге байланысты арта түсуде. Бұл балалардағы ауыр респираторлы бұзылыстар, коморбидті аурулардың көптігі оларға көрсетілетін көмектің сапалы болуын қажет етеді. Сонымен қатар көрсетілетін көмек тек медициналық емес, әлеуметтік мәселелерін де қамтуы маңызды болып табылады. Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балалар ауруханадан шығарылғаннан кейін де көмекті қажет етеді. Созылмалы тыныс жетіспеушілігі ұзақ сақталатын балалар үйде оттегі терапиясын жүргізуді, физикалық дамудың қарқынды жоғарылауы үшін арнайы қоспалармен тамақтандыруды, ауру ағымын ауырлататын ауру өршуін азайту мақсатында паливизумаб иммунизациясын жүргізуді, қабыну үрдісіне байланысты аурудың ремиссия кезеңінде ингаляциялық глюкокортикостероидтарды пайдалануды қажет етеді. Аса күтімді қажет ететін ауру ағымының ерекшеліктері, асқынулар, қосымша аурулардың көптігі бұл отбасыларға медициналық-әлеуметтік және психо-әлеуметтік көмектің көрсетілуін талап етеді. Бұл қажеттіліктермен кездескен отбасылар мемлекет және денсаулық сақтауды ұйымдастырушылар тарапынан қолдауды және көмектесуді қажет етеді.</p>
--	---	--

		<p>Осы айтылған мәселелердің барлығы докторант Салтанат Саиранқызының докторлық диссертациялық жұмысында толықтай қамтылып, кешенді түрде қарастырылып, қазіргі қоғамдық денсаулық сақтаудағы ғылыми-практикалық маңызға ие өзекті тақырыптардың бірінен саналатындығын зерттеу жұмысында ғылыми тұрғыдан негіздеп көрсете білген.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Ізденуші Салтанат Саиранқызының «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіру» атты тақырыптағы диссертациясы кіріспеден, әдеби шолудан, материалдар мен зерттеу әдістерінен, бес тарау жеке зерттеулерден, әрбір тарау мен тараушалар бойынша жасалған тұжырымдамалардан, диссертация мазмұны бойынша қорытынды мен түйіндемелерден, тәжірибиелік ұсыныстардан тұратын зерттеу жұмысының мазмұны таңдалған тақырыпқа сәйкес негізделген. Диссертацияның тақырыбына сәйкес зерттеу жұмысының ішкі мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты диссертация тақырыбына сәйкес құрастырылған. Докторанттың алдына қойған мақсаты – бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді жетілдірумен қатар, БӨД-пен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмекті жетілдірудің моделін құрастыру секілді үлкен мақсат қойып, сол мақсатына түпкілікті түрде жете білген.</p> <p>Ізденушінің алға қойған мақсаты мен міндеттері диссертациялық жұмыста өз шешімін тапқан. Сондай-ақ диссертанттың қол жеткізген нәтижелері шынайы, ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары дәлелді. Демек, докторант С.Саиранқызының диссертациялық жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбымен, онда көтерілген мәселелермен толықтай сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қамтылған бес тарау мен оларға сәйкес құрылған тараушалар құрылымы логикалық тұрғыдан өзара толық</p>

		<p>құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>байланысқан. Барлық кезеңдер арасында бірізділік қағидасы қатаң сақталған, алдыңғы кезеңнің орындалуы зерттеудің келесі кезеңінің құрастырылуына және ұйымдастырылуына негіз болып, бір мәселемен екінші мәселенің арасындағы логикалық байланыс пен ой желісінің жалғастығы бір-бірімен толық байланысқан. Бұл БӨД-пен сырқаттанатын балаларға көрсетілетін медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіруге бағытталған кешенді зерттеу жүйесін құрастыруға және сенімді нәтижелер алуға көмектескен.</p> <p>Зерттеу жұмысындағы әр тарау мен бөлімдерде берілген ғылыми теориялық және практикалық мәліметтер, ізденушінің ой тұжырымдары, түйіндеулері тұтастай логикалық байланысқа негізделген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертациялық жұмыста толықтай авторлық тараптан сыни талдаулар жүргізілген. Бронхөкпе дисплазиясының медициналық-әлеуметтік мәселелеріне арналған ғылыми кеңістіктегі көптеген ғылыми қағидаттар мен әдістерді саралауы, өзіндік сыни талдау үлгілері диссертациялық жұмыста толықтай қамтылған.</p> <p>Диссертант диссертациялық жұмысында ұсынған көптеген жаңашыл шешімдерін дербес жүргізген статистикалық мәліметтермен қатар, ғылыми материалдар арқылы дәлелдеп, қажетті дәйектеулер негізінде салыстыра отыра сараптап, өзіндік бағалаулар жасаған. Диссертациялық зерттеудегі материалдар әр түрлі әдіс тәсілдер арқылы автормен сараланған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-</p>	<p>Зерттеу жұмысы барысында алынған нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Олардың арасында диссертациялық зерттеу барысында алынған мынандай нәтижелерді атап кетуге болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстанда алғаш рет бронхөкпе дисплазиясының жиілігіне қатысты мәселелер талданған;

	<p>75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Балалардағы ауыр респираторлы бұзылыстарға алып келетін аналық және нәрестелік факторлар анықталған; - Науқас балалардағы үш жастағы ауру нәтижелері анықталып, балалар арасындағы мүгедектік, летальдылық көрсеткіштері, бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балалардағы коморбидті аурулар анықталған; - Ата-аналар арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнама бала денсаулығына әсер етуші медициналық-әлеуметтік факторларды және балалардың өмір сапасын бағалауға мүмкіндік береді. <p>Аталған негізгі нәтижелердің барлығы отандық қоғамдық денсаулық сақтау саласында алғаш рет анықталғандықтан жұмыс толығымен жаңа болып табылады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу нәтижелері авторға ғылыми негізделген түйіндемелер жасауға мүмкіндік берді. Диссертациялық жұмыстағы әрбір тараулардан кейін берілген түйіндеулері толығымен жаңа болып табылады. Докторант С.Саиранқызының зерттеуіндегі БӨД-пен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіруге негізделген жұмысындағы қорытындылары әдеби шолуларға, ғылыми теориялық дәлелдерге, практикалық-тәжірибиелік нәтижелерге, статистикалық көрсеткіштерге негізделгендігі қорытындылар мен түйіндемелердің толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы автордың ұсынған басқару шешімдері толығымен жаңа болып табылады. Диссертанттың БӨД-пен сырқаттанатын балалар туралы мәліметтер базасын жинақтауға, медициналық-әлеуметтік мәселелерін анықтауға негізделген диссертацияның зерттеу нәтижелері бойынша туындаған Алматы қалалық емханаларына ендірілген «БӨД-пен сырқаттанатын наукастар регистрі» (bld.bolimi.kz) жұмыстың заманауи техникалық, технологиялық, экономикалық, басқару шешімдеріне толығымен жауап беретін, әрі толығымен жаңа саналатын ақпараттық технологиялық құрал болып</p>

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	саналады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Ізденушінің зерттеу жұмысындағы алынған нәтижелері, ғылыми жаңалықтары мен қорытындылары зерттеудің нысаны мен мақсатына негізделген. Докторант С.Саиранқызының зерттеу жұмысы бойынша жасаған қорытындылары толығымен отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі зерттеулер арқылы дәлелденіп, өзіндік көзқарасы мен ой-пікірлерін медико-әлеуметтік сауалнамалар, статистикалық талдаулар, ретроспективтік әдістер мен ғылыми теориялық ауқымды материалдар арқылы ғылыми тұрғыдан негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p>	Диссертациялық жұмыста автор тарапынан бірнеше қағидат ұсынылады. Әр қағидат диссертациялық жұмыс барысында алынған нәтижелермен толықтай дәлелденген. Диссертант ұсынған қағидаттар дәлелді, қолданыс өрісі кең, зерттеу жұмысы аясында жарияланған материалдары толықтай қамтылған. Бұл айтылғандардың барлығы жұмыстың түпкілікті зерттелгендігін көрсетеді.

		<p>3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік</p>	<p>Диссертациялық жұмыста негізінен ретроспективті зерттеу әдісі пайдаланылған. Сонымен қатар диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне толығымен қол жеткізу үшін әлеуметтік, аналитикалық, статистикалық зерттеу әдістері пайдаланылған. Зерттеу әдістері әр кезеңге сәйкес дұрыс таңдалған және сенімді нәтижелер алуға көмектескен.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер SPSS (21 - нұсқа) бағдарламасын пайдалану арқылы өңделген. Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сай заманауи статистикалық көрсеткіштер пайдаланылған. Қауіп факторларын анықтау үшін пайдаланылған көпшілік логистикалық регрессия талдауы мен денсаулық жағдайын бақылау барысында анықталған көрсеткіштер арасында жүргізілген корреляциялық талдау диссертациялық жұмысты түрлендіріп, сенімді нәтиже алуға ықпал еткен. Статистикалық әдістерді дәл пайдалану және интерпретациялау арқылы диссертацияның мазмұны толық ашылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс мазмұнындағы теориялық қорытындылар мен моделі, жұмыстың негізгі қағидаттары мен қорытындылары ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Зерттеу жұмысында қарастырылған мәселелер зерттеудің нәтижелерімен әр алуан аспектілер негізінде расталған және логикалық байланыс сақталған.</p>

		<p>зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер және сенімді әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Ізденушінің ғылыми жұмысындағы маңызды мәлімдемелері сенімді отандық және алыс-жақын шетелдік әдебиеттер арқылы нақтыланған. Кіріспеде көрсетілген өзектілік мәселесі, зерттеу нысаны, жұмыстағы мақсаты мен міндеттері, қорғауға ұсынылған тұжырымдары, қол жеткізген ғылыми жаңалықтары, зерттеу нысаны бойынша жасаған қорытындылары нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер келтіруімен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық жұмыста 226 ғылыми еңбекке сілтеме келтірілген. Олардың ішінде 100 әдеби көз ағылшын тілінде, пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми зерттеу мазмұнына сәйкестігі мен ғылыми әдебиеттердің өндірістегі қолданысы зерттеу жұмысы үшін толығымен жеткілікті деп бағалауға болады.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қоғамдық денсаулық сақтау ғылымы үшін теориялық маңызы жоғары. Қоғамдық денсаулық сақтау саласы бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балалардың денсаулығын қорғау мәселелері бойынша толықтырылды.</p> <p>Диссертациялық жұмыс теориялық маңыздылығымен қатар практикалық маңыздылыққа ие. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде</p>

		<p>және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>құрастырылған «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын науқастар регистрі» (bld.bolimi.kz) денсаулық сақтау саласында құнды практикалық цифрлық технология болып саналады. Зерттеу нәтижелері, атап айтқанда аталмыш дертпен ауыратын балалардың диспансерлік қамтылуының төмен болуы, балалардың қажетті көмекпен қамтылуына кедергі болған. Осы тұрғыдан келгенде бұл регистрдің құрастырылуы дер кезінде қолға алынған, тәжірибиелік маңызы жоғары құрал болып табылады.</p> <p>Сонымен қатар зерттеу нәтижесінде құрастырылған авторлық үлгідегі сауалнаманы науқастармен күнделікті жұмыс кезінде, отбасылардың медико-әлеуметтік бейнесін анықтау үшін пайдалануға болады. Зерттеу нәтижелерін медициналық оқу орындарында студенттерді оқыту және дәрігерлердің біліктілігін арттыру мен оқу бағдарламаларын құрастыру үшін кеңінен пайдалануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу нәтижесінде диссертант бес практикалық ұсынысты жасаған. Бұл ұсыныстар толығымен зерттеу нәтижесінде алғаш рет ұсынылып отыр. Диссертанттың ұсынған ұсыныстары негізделген, дәйекті, балалар үшін маңыздылығы мен тиімділігі жоғары және толығымен жаңа болып саналады.</p>
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Докторант Саиранқызы Салтанаттың «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысындағы жазу стилі, рәсімдеу сапасы, логикалық жүйесі, ғылыми тұжырымдары, ғылыми стилі академиялық жазу сапасы жоғары деп бағаланады. Диссертант зерттеу жұмысын жазу барысында ғылыми этикетті сақтай отырып, диссертацияны ғылыми-техникалық бағалау талаптарына сай рәсімдей білген. Диссертациялық жұмыс бойынша ескертулер мен ұсыныстарым</p>

			<p>жоқ.</p> <p>Сонымен докторант Саиранқызы Салтанаттың «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған, дербес орындалған, ғылыми сапасы жоғары жұмыс болып табылады. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы бойынша алынған ғылыми нәтижелері ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес орындалғандықтан 6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.</p>
--	--	--	--

Ресми рецензент:

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, №1 Балалар аурулары неонатологиямен кафедрасының профессоры, м.ғ.д.

В.Т.Түсіпқалиев

